

**Акынбекова А.Б.**

Журналистика факультетінің PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Акунбек75@gmail.com

**«ШАНШАР» – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ КҮЛКІ ЖУРНАЛЫ**

Мақала авторы 1925 жылы жарық көрген қазақтың тұңғыш күлкі журналын араб қарпінен кириллге түсіріп, ғылыми айналымға енгізді. Сондықтан да мақалада «Шаншар» журналының тарихы мен мақсат-міндеті кеңінен талданған. Басылым бетінде жарияланған саясат, әлеумет, әдебиет мазмұнды сатиралық жарияланымдарға талдау жасалды. Журнал мазмұнына сәйкес салынған карикатуралардың кемшіл және ұтымды тұстары анықталады. Қорыта келгенде, автор қазақ қоғамындағы кейбір тарихи сәттерге де «Шаншар» журналында орын берілген деп түйіндейді.

**Түйін сөздер:** «Шаншар» журналы, Ақ жол,фельетон, күлкі журналы, сатира.

Акунбекова А.Б.

**«Shanzhar» the First Kazakh Magazine of Humor**

The author of the article translated from the Arabic alphabet into Cyrillic the first Kazakh satirical magazine published in 1925 and introduced into scientific circulation. Therefore, the history, purpose and mission of «Shanshar» was widely analyzed in the article. The article is analyzed by satirical publications published in the pages of the publication of political, social, literary content. Defective and rational aspects of cartoons constructed in accordance with the content of the journal are determined. The author comes to the conclusion that some historical moments in the Kazakh society were included in the journal «Shanshar».

**Key words:** «Shanshar» magazine, Ak zhol, feuilleton, satire, magazine of humor.

Акунбекова А.Б.

**«Шаншар» первый казахский юмористический журнал**

Автор статьи перевел с арабского алфавита на кириллицу первый казахский сатирический журнал, изданный в 1925 году и ввел в научный оборот. Поэтому в статье широко анализируется история, цель и миссия журнала «Шаншар». Проведен анализ статьей сатирических публикации, опубликованных на страницах издания политического, социального, литературного содержания. Определены дефектные и рациональные аспекты карикатур, построенных в соответствии с содержанием журнала. В заключении автор приходит к выводу, что некоторые исторические моменты в казахском обществе были включены в журнал «Шаншар».

**Ключевые слова:** журнал «Шаншар», Ақ жол, фельетон, сатира, журнал юмора.

1925 жылы Ташкентте «Шаншар» журналы шығарылды. Ол «Ақ жол» газетіне қосымша саясат, әлеумет, әдебиет мазмұнды күлкі журналы деп аталды. Журналдың алғашқы санындағы «Шаншар кім?» деген мақалада журнал өзінің мақсат-міндетін былайша аңғартады: «Біздің «Шаншар» «Шаншу»дан өрбіген ұрпақ. Бірақ ауырудың шаншуы емес. Қазақты онсыз да ауыру жайлап жатқанда «Қотыр үстіне шикан жамап» қастығымыз бар ма? Біздікі- тілінің бі-

зі бар «Шаншар». «Шаншар»дың мақсаты: елді араламақ, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан аяғын қиыс басқанды біздеп жараламақ» [1] деп жазады. Осыдан журналдың идеялық бағыты мен алға қойған мақсатын басмақаладан анық аңғаруға болады.

**Негізгі бөлім**

Қазақ баспасөзінің тарихын, қазақ сатирасын зерттеген ғалым Т.Қожакеев: «Шаншар журналының бір-екі саны ғана жарыққа шықты» [2,254]

деп нақты шыққан саны туралы жазбайды. Ал шындығында, журналдың неше саны шықты дегенде, «Шаншар» – журналының жалғыз саны жарық көрді және ол тұңғыш сықақ журналы болды деп сеніммен айта алмыз. Оған мына дерек дәлел болады: «Түркістан компартиясы ОК-ның органы «Ақ жол» газетінің жанынан 1925 жылы Ташкентте шықты. Жалғыз номері жарық көрді... Журнал алдына бай-молдалардың және шаруашылыққа кесірін тигізушілерді әшкерелеу мақсаты қойылды. Бірақ оның сатираларында жеңіл шенеу, нысанасын дәл баспау, нанымсыз әрекеттерді сөз ету жайттары байқалды... Дегенімен, «Шаншар» қазақ совет сатирасы тарихында тұңғыш сықақ журналы болды» [3,178]. Сатирик Ғ. Қабышев оқырмандарды «Ара» журналына жазылуға шақырған мақаласында «...оқырмандарға сатиралық журналымыздың өмірбаянынан да кейбір дерек бере кетсек дейміз. Мәселен, бұл өмірбаян «Ара» болып аталып шыққан кезінен емес, қазақтың тұңғыш әзіл-сықақ журналы «Шаншардан» басталады деген дұрыс. «Шаншар» 1924-1926 жылдары Ташкентте айына екі рет шығып тұрған» деп жазады [4]. Алайда, «Шаншар» журналының араб қарпіндегі түпнұсқасының мұқабасында:

«Шаншар»

«Ақ жол» газетіне қосымша.

Саясат, әлеумет, әдебиет мазмұнды күлкі журналы.

Айына екі шығады. 1925жыл» деп басылған [5]. «Шаншар» журналының 1925 жылы шыққанын зерттеуші-ғалым Т. Қожакеевтің «Сатира- күштілер қаруы» атты еңбегінен де кездестіреміз [6]. 1925 жылдың май айында шыққан «Таң» журналының 3-санында М. Әуезовтың «Шаншар» журналы деген мақаласы жарық көрген. Онда «Апрельдің аяқ кезінде Семейде «Шаншар» журналының бірінші саны алынды. «Шаншар»- қазақтың тұңғыш күлкі журналы» дейді [7]. Сонымен қатар «Шаншар» журналы 1926 жылға дейін шықпаған. Тек бір саны ғана шыққан. Шықпай қалған себептерін профессор Т. Қожакеев: «Шаншар 1926 жылға дейін шықпаған, бір-екі номерінен соң-ақ тоқтатылған. Оған сол жылы Түркістан республикасының ұлт ретімен қайта құрылуы, Ташкентте шығарылып тұрған қазақ тіліндегі газет, журналдардың Қазақ АССР-іне ауысуы себеп болған»деп жазады [8].

«Шаншар» журналының алғашқы саны Семейге алынған соң, М. Әуезов «Шаншар» журналы деген көлемді шолу-мақаласы жарық көреді. Онда «Қазақтың аз да болса ілгері қарай басып келе жатқан өнер білімінің тұсында «Шаншар»

мезгілімен шыққан журнал. Білімді елдің үлгісімен қазақ оқушысы аз танысқандай болып, осы күнде баспасөздің неше алуан түрлерін көріп келеді. Қазақ баспасөзі түр тауып молайған сайын оқушы да қалыптанып екшеле бермек» дейді [9]. Қазақ баспасөзінің осындай түр тауып, күлкі журналының шығуы сол заманның баспасөзінің дамуына қосқан үлесі болды десек қаталеспейміз. 1924 жылы май айының 23-31 күндері өткен XIII съезі «Баспасөз туралы» қарарында жергілікті ұлттардың баспасөзін дамытуды, оның түр- саласын молайтуды міндеттеген [10]. Осы нұсқауға жауап ретінде қазақ баспасөзінің жаңа тың түрі, тың көрнісі ретінде «Шаншар» журналы оқырманға жол тартқан. «СОВВОСТОК» баспасында жарық көрген журнал таралымы 6700 болған. 16 беттен тұратын журналдың 8 беті сол тұстағы әлеумет тіршілігінің кемшіл тұстарын сынаса, қалған 8 беті журналдың маңызы мен пішінін білдіретін суреттер жарияланған. Мақалалар тақырыбына келсек, «Шаншар» кім? «Ақжолдың алаңғасарлығы», «Шаншардың өлеңі», «Нептің қатыспайтын жері жоқ», «Анкета», «Сорлы газет қайдан білсін?», «Жауап күтеміз», «Жарнама», «Не жазайын?», «Америкеде жаңа сағат», «Шаншардың оқуларына қосылыңдар!» деген сын-сықақ, фельетондар жарияланған. Журналда жарияланымдарында авторлары журналдың мазмұнына сай- Шаян, Қылжақбас, Бақалшы, Кужақ, Найзагер, Жасқаншақ деген бүркеншік есімдермен берілген, «Жауап күтеміз» деген мақалада «Молпық», «Солпық», «Балпық» – үшеуіміз таңбамызды салдық деп аяқтаған екен. Осылайша «Шаншар» журналындағы мақала авторлары нақты журнал бетінде басылмаса да баспасөз тарихын зерттеген ғалымдардың еңбегінде, сықақ журналын шығаруды қолған алған деп – Ж.Аймауытовтың есімі аталады. «Шаншар» журналы «Ақ жол» газетінің қосымшасы ретінде шыққандығын жоғарыда айтып өттік. Профессор Б. Жақып «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» атты еңбегінде «Шаншар» журналының шығарушы – редакторы Ж.Аймауытов екендігін жазады. «1924 жылы 1 қазаннан бастап Жүсіпбек Тәшкент қаласындағы Қазақ институтында оқытушылық қызметке кіріседі. Сонда жүріп “Ақ жол” газетін шығару ісіне тікелей араласады... “Ақ жол” газетінде қызметте жүріп, Жүсіпбек сол басылымның қосымшалары ретінде “Сәуле” әдеби журналын (1924) және “Шаншар” сықақ журналын (1925) шығаруды қолға алады. Сол журналдардың редакторы болады. Қазақтың алғашқы сатиралық журналын

шығару арқылы және көптеген фельетондар жазу арқылы Жүсіпбек қазақ сатиралық публицистикасының негізін салушылардың бірі болды. Тұңғыш күлкі журналының алғашқы нөмірінде Жүсіпбек – редактордың «Шаншар» кім?» деген бас мақаласы жарияланып, онда сықақ басылымының бағыт-бағдары айқындалды» деп жазған [11,305.]. Ж. Аймауытов «Шаншар» журналы туралы таныстыру-мақаласында «Қазақты ел қыламыз, жұртшылық жасаймыз, кедейдің сауатын ашып, саңылау жібереміз, өнерлі – ғылымды жұрт санатына қосамыз, шаруасын берекелендіреміз деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, аяқтай басы шарадай болып жүрген азаматтарды көзден шоласыз...»

Заманға мойын ұсына алмай, жаңалыққа көне алмай, ескіні қолдан бере алмай, сең соққан балықтай оршып, арындап жүргендер де аз емес... «Шаншардың» мақсұты: елді араламақ, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан қия басқанды біздеп жараламақ» – деп күлкі журналының шығу мақсатын көрсетеді [12].

Жүсіпбектанушы ғалым Н. Қуантайұлы да Ж. Аймауытовтың бұрын жарық көрмеген шығармалары деп «Шаншар» журналында жарияланған «Шаншар кім?», «Не жазайын», «Америкеде жаңа сағат», «Шаншардың оқуларына қосылыңдар», «Басқармадан жауаптар», «Ақ жолдың алаңғасарлығы» деген мақалаларын жариялаған [13]. «Ақ жол» газетіне қосымша болып шыққан «Шаншар» журналы айында екі рет шығып, оқырманға тегін таратуды жоспарлаған. Ж. Аймауытов «Күлкі журналы шығарылады» деген мақаласында «Ақ жол» басқармасы газетке қосымша қылып айында екі рет күлкі журналын шығармақ болып отыр. Журнал газетке қосымша ретінде, газет оқушыларға тегін таратылмақ. әлеумет өміріндегі кемшілікті, мінді айтып, күлкісі, күлдіргісі кеп тұр» деп жазады [14]. Сондай-ақ, Ж. Аймауытов: «Күлкі журналы- қазақтың тұңғыш тәжірибесі. Тұңғышы күле алмайтын қара қабақ, тұнжыр болып туа ма? Әйтпесе тілінің бізі бар, күлегеш, жайдары бала болып туа ма? Жұртты күлдіре ме? Өзі күлкі боп жүре ме? [15]» - деп «Шаншар» журналын қазақтың тұңғыш сатиралық журналы екендігін, оның болашағы қазақ қаламшыларының күлкісіне, көңіліне, көмегіне байланысты екендігін айтады. «Басқа журналдарға басыла қоймайтын күлдіргі әңгімелерді күлкі журналы баса алады. Жазушылардың қаламақысы кезінде жіберіліп тұрады. Еңбегіміз босқа кетеді деп қауіптенбеніздер [16]» - деп қолына қалам ұстаған жігіттерді жазуға үндейді.

Қаламақы туралы журналда жарияланған «Ақ жолдың алаңғасарлығы» деген мақаласында да байқаймыз. Онда: ««Ақ жол» енді жұртты ілгері бастыру үшін шын шаралар түк болмайтынына көзі жеткендей күлкімен, сықақпен түзетпек. Күлкі журналын шығармақ болса болсын, бірақ кімді әжуалап түзетеміз?... «Ақ жол» бізді ақшаға қызықтырады-ау, жазғандарың үшін гонорар төленеді, дейді. Ақшаны тәуір көретінімізді абдан біліп алған. Бірақ алған ақшамызды әлде біреу мұрынымыздан шығарып жүрсе біздің обал- сауабымыз кімге? «Ақ жолдың» мұнысы арандату болмаса жарар [17]» деп қауіптеніп, сынап - мінеуден тартыншақтанатындарын жасырмай жазады.

«Тан» журналының бетінде М.Әуезов: «Оқушының ойы мен сезімін күлкісіз салқын түспен тәрбиелейтін баспасөздің ішінде күлкі сынды болып шықса, тәуір сөздің тұздығы болады. Бұл да тәрбиеші, бұл да ой сезімді бастайтын жетекші, басшы, бірақ бұның өзгелерден әдісі бөлек. Бұның өзгеден айырмасы сыртқы пішінінде ғана. Күлкі журнал да ой жетілдіріп, сезімді ұстартпақ. Сондықтан ол күле отырып, біле отыр дейді. Ойнап отырып, ойлап отыр. Біреудің мініне күлсең, өзің сол міннен бойыңды арши отыр дейді...» [18] – деп баға береді, сықақ журналының оқырманы да көп болатынын атап өтеді».

Ойталқы

«Шаншар» журналының мұқабасында жарияланған «Өзіме пайдалы жерде және пайдасыз жерде», «Салықтан құтылу амалы» деген жазумен берілген сәтті суреттер жариялады. Бұл материалдарды М. Әуезов журналға жасаған шолу-мақаласында «Қазақ пішінді күлкісі бар, қазақша мысқылы, сайқымазағы бар, көп күлкісін қазақтың бүгінгі әлеумет тіршілігінің мініне арнаған, есті, орынды күлкі [19.13]» деп бағалады. Сондай –ақ күлкі журналы басқа баспасөздерге қарағанда күрделі боп келетінін де айтады. «Күлкі журнал да барлық баспасөздің «үйретемін, үлгі айтамын, бастаймын» деген негізімен жүреді, бірақ олардан ісі қиынырақ. Олар ұзын сонардың, өрісті сөздің бетімен жүрген болса, мынау аз сөзбен, емеурінмен, нобай тұспалмен, күлкімен білдіру керек [20.12]» деген пікір білдірген.

Журналда мәңсіз материалдар да, ақылға қонбайтын пікірлер де орын тапты. «Қатын аламын» деген хабарландыру былай жазылған: «Әдрісім: город Албасты, Сұмырай көшесі, Оспанқажының сиыр қорасына қарсы, дом бокбасар». Мұнда, әрине, тапқырлық та, өткірлік те жоқ екені даусыз. Бұл сияқты одағай пі-

кірлер «Анкетада» да жіберіледі Мысалы: «Көшпелі не нәрсе? – Қазақ», «Килло не нәрсе? – Біз білмейтұғын нәрсе», «Магнит не нәрсе? – Сұлу әйел болса керек» деген сұрау, жауаптарда үлкен мән, мағына бар деп айта алмаймыз. Журналдың «Бәрі де ұлт қамы», «Жоғалсын уақытты босқа өткізу» деп аталатын карикатуралары да сәтсіздікке ұрынды. Бұл жөнінде де М. Әуезов шолу-мақаласында да айтып өтеді. «Суреттің бәрі бірдей күлдіргі, бәрі бірдей шын шаншулы жерден тиген орынды деп айтуға келмейді. Тәуір суреттер: «Өзіме пайдалы жерде, пайдасыз жерде» дегені мен «Салықтан құтылу амалы» дегендері. Бұлар көп жерде кездесетін көп қауымның міні сияқты. Одан басқа суреттердің көбі ұсақ жайларға арналған, жаппай күлдіргі боларлық та суреттер емес. Бұлардың ішінде бізше әсіресе орынсызы: «Бәрі де ұлт қамы», «Жоғалсын, уақытты босқа өткізу» деген сияқты суреттер. Бұлар журналдың нағыз қазақ пішінді болуына кемшілік келтіріп, кімге арналғаны белгісіз болып қалатын суреттер сияқты [21,15].

#### **Нәтиже**

«Шаншар» журналының беттерін парақтай отырып онда басылған сықақ материалдарының мазмұндарынан ХХ ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ қоғамында болып өткен түрлі қоғамдық процестерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректерді де байқаймыз. «Неп»дің қатыспайтын жері болсайшы» деген білімпаздар мәжілісінде болған екі адамның диалогы берілген. Онда латынға көшудің дұрыс-бұрыстығы, ерте-кештігі әңгіме болады.

«Сендер «Қаһарман»ды, «Жиһан»ды, «Айхай»ды, «ха-ха-ха» деп күлгенді қалай жазбақшысындар?

Сен ұсақтап кеттің ғой. Бізге әдебиет «Не бажно» бізге пән кітабы керек қой?

Соны мен «Ш»ға келісесіңдер ме?...

«Ы» ны қалдырсандар келісейік...

Охо! Біздің шымбайымызға қатты батып отырған «Ы» емес пе? Ол қалса, қазақ тілі заңнан айырады. Одан соң қазақтың құрығаны.

Ал, сендер «Ы» біткенді алдың, ирек «Ш»ды кіргіздің. Сөзіміз енді шұбалаңдар кетпей ме?

Қане, қандай сөз? Айтшы!

Қандай сөз дейсің бе? Мәселен: «Басши-синики»деп жазшы! Міне 13-14 ирек болды. Орыстың ирегiнен несі кем? Бала бұл иректі қалай санап бітпек?

Мұндай сөздер өзі де аз болады...

Жолдастар, сендер ондай ұсақ-түйекке бармаңдар, тілегіміз бір ма? Бір болса, анау-мынауға бола қызыл кеңірдек болмайық. Келің-

дерші, ашық- жарқында қол соғысып қояйық [22]» - деп, латын әліпбиіне көшу мәселесін қозғайды.

Журналдың «Анкета» деген сұрақ-жауабы жөнінде М. Әуезов өзінің шолу-мақаласында «... анкетаның да сұрағы мен жауаптарының көбі орынды, мезгілді сөздер [23]» деп жазады. Мәселен,

Закон не нәрсе? - Аяғыңды қия бассаң сарт ететұғын бір қақпан.

Мұғалім не нәрсе? - Ілгері еңбегі еш, тұзы сор, адамзаттағы нағыз қор, бір жан болса да кенес келгелі есеге жетіп халықтың көзін ағартуын қоймай келе жатқан бір қарлығаш.

Нәсіл не нәрсе? - Бұл күнде ұрлықтың малындай жасырылатын бір пәле [24].

Дәл осы анкетадағы «Нәсіл» туралы жауап тарихшы М. Қойгелдиевтің еңбектерінде мысалға алынып, сол заманның шындығы жазылған журналдан былайша мысал келтіріледі: «Однако в Казахстане первые годы советской власти значительный процент грамотных местных работников состояли выходцы из зажиточных слоев, поэтому были нередки случаи сокрытия социального происхождения. Последующем, при партийных чистках, именно эти люди получали выговоры, их отстраняли от должности, исключали из партии, а в годы «большого террора» расстреливали. Как отмечалось еще в начале 1920-х гг. В сатирическом журнале «Шаншар» «Происхождение это то что скрывают больше, чей ворованную вещь [25]» деп журналдағы бір ауыз сөзді тарихпен байланыстырған.

#### **Қорытынды**

Журналдың жабылуының тағы бір себебін профессор Т. Қожакеев: «Журналды шығаруға бұрынғы алашордашылар, ұлтшыл бағыттағылар қатысты. Соның салдарынан «Шаншар» нағыз жаңа өмірдің жаршысы, коммунистік идеяның жаршысы бола алмады... Көп суреттерінің, көп материалдарының идеясы күнгірт, сын нысанасы белгісіз жатты. Жалпылай сынады» [26, 255] деп жазды. Бұл әрине, сол кездегі саясаттың ырқымен жазылғанын және де журналдың басықасында тәуелсіздігімізді аңсаған алашорда азаматтарының жүргеніне көз жеткіземіз. Дегені мен, М. Әуезовтің пікірінше «Шаншар» қазақ өнер-білімінің аз да болса ілгері басқан тұсында мезгілімен шыққан журнал болды. Жеке міндеріне қарамастан, қозғаған тақырыптары, сынаған кейіпкерлері жағынан мәнді, маңызды, тіл кестесі, айшығы жағынан күлкілі болар деген үміт туғызды. Қазақ баспасөзіне қосылған жаңа түр, жаңа өрнек деп танылды.



Әдебиеттер

- 1 Шаншар журналы, 1925, №1, – Б.2.
- 2 Қожакеев Т. Сатира- күштілер қаруы. – Алматы: «Жазушы» 1985. Б. 254.
- 3 Қазақ Совет Энциклопедиясы бас редакциясы. 12- том, 1977. –Б.178 .
- 4 Социалистік Қазақстан газеті, 31август, 1983.
- 5 Шаншар журналы, №1,1925. –Б.2 .
- 6 Қожакеев Т. Сатира-күштілер қаруы.– Алматы: «Жазушы» 1985. Б. 254.
- 7 Таң журналы, 1925, №3,май.
- 8 Қожакеев Т. Сатира-күштілер қаруы.– Алматы: «Жазушы» 1985. Б. 254.
- 9 Таң журналы, 1925, №3,май.
- 10 КПСС о средствах массовой информации и пропаганды. Изд.политической литературы, М.,1979,стр.96.
- 11 Жақып. БҚазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. -Алматы: Білім, 2004. Б305
- 12 Шаншар журналы, 1925, №1
- 13 Қуантайұлы Н. «Шығармалары /Ж. Аймауытұлы/- Алматы: Қаламгер баспа үйі,2013.Б-264-272.
- 14 Қуантайұлы Н. «Шығармалары /Ж. Аймауытұлы/- Алматы: Қаламгер баспа үйі,2013.Б-261.
- 15 Қуантайұлы Н. «Шығармалары /Ж. Аймауытұлы/- Алматы: Қаламгер баспа үйі,2013.Б-261.
- 16 Қуантайұлы Н. «Шығармалары /Ж. Аймауытұлы/- Алматы: Қаламгер баспа үйі,2013.Б-263.
- 17 Шаншар журналы, 1925, №1
- 18 Таң журналы. 1925, №3
- 19 әуезов М. Елу толдық толық шығармалар жинағы, - Алматы: Дәуір, Жібек жолы баспасы, 3-том, 2014.Б-13.
- 20 әуезов М. Елу толдық толық шығармалар жинағы, - Алматы: Дәуір, Жібек жолы баспасы, 3-том, 2014.Б-12.
- 21 әуезов М. Елу толдық толық шығармалар жинағы, - Алматы: Дәуір, Жібек жолы баспасы, 3-том, 2014.Б-15
- 22 Шаншар журналы, 1925, №1
- 23 Таң журналы, 1925, №3,май.
- 24 Шаншар журналы, 1925, №1
- 25 Қойгелдиев М.К, Алдажуманов К.С. Сборник автобиографий «История отечество в судьбах его граждан» Издательство «Дайк-Пресс», 2005
- 26 Қожакеев Т. Сатира-күштілер қаруы.– Алматы: «Жазушы» 1985. Б. 255.

References

- 1 Shanshar zhurnaly,1925, №.1, – B2.
- 2 Kozhakeyev T. Satira-kushtiler karuy. – Almaty: «Zhazushy» 1985.B.254.
- 3 Qazaq Sovet Enciklopediasy bas redakciasy. 12-tom, 1977. –B.178.
- 4 Socialisttik Qazaqstan gazeti, 31avgust, 1983.
- 5 Shanshar zhurnaly, №1, 1925. – B.2.
- 6 Kozhakeyev T. Satira-kushtiler karuy. –Almaty: «Zhazushy» 1985.B.254.
- 7 Tan zhurnaly, 1925, №3, mai.
- 8 Kozhakeyev T. Satira-kushtiler karuy. –Almaty: «Zhazushy» 1985.B.254.
- 9 Tan zhurnaly, 1925, №3, mai.
- 10 KPSS o sredstvakh massovoi informacii i propogandy. Izd.politicheskoi literatury, M, 1979,стр.96.
- 11 Zhakyp B. Qazaq publicistikasynyn kalyptasu, damu zholdary.–Almaty:Bilim,2004.B-305.
- 12 Shanshar zhurnaly,1925, №.1
- 13 Kuantaiuly N. «Shygarmalary /Zh. Aimauytuly/. Kalamger baspa uiy,2013.B-264-272.
- 14 Kuantaiuly N. «Shygarmalary /Zh. Aimauytuly/. –Almaty: Kalamger baspa uiy,2013.B-261.
- 15 Kuantaiuly N. «Shygarmalary /Zh. Aimauytuly/. –Almaty: Kalamger baspa uiy,2013.B-261
- 16 Kuantaiuly N. «Shygarmalary /Zh. Aimauytuly/. –Almaty: Kalamger baspa uiy,2013.B-263
- 17 Shanshar zhurnaly,1925, №.1
- 18 Tan zhurnaly, 1925, №3
- 19 Auezov M. Elu toldyk tolyk shygarmalar zhinagy, - Almaty: Dauir, Zhibek zholy baspasy, 3-tom, 2014.B-13.
- 20 Auezov M. Elu toldyk tolyk shygarmalar zhinagy, - Almaty: Dauir, Zhibek zholy baspasy, 3-tom, 2014.B-12.
- 21 Auezov M. Elu toldyk tolyk shygarmalar zhinagy, - Almaty: Dauir, Zhibek zholy baspasy, 3-tom, 2014.B-15.
- 22 Шаншар журналы, 1925, №1
- 23 Tan zhurnaly, 1925, №3
- 24 Shanshar zhurnaly,1925, №.1
- 25 Қойгелдиев М.К, Алдажуманов К.С. Сборник автобиографий «История отечество в судьбах его граждан» Издательство «Дайк-Пресс», 2005
- 26 Kozhakeyev T. Satira-kushtiler karuy. –Almaty: «Zhazushy» 1985.B.255.